



Автор: Ибраев Сагдат Жексембаевич

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Жобалық жұмыс

Тақырып: Бағдарламау жүйелері және тілдері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.2.1 «бағдарламау тілі» және «бағдарламау жүйелері» түсініктерін ажырата білу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар білетін болады: Бағдарламау тілдерінің жүйеленуін, бағдарламау тілдерінің айырмашылық ерекшеліктерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін; жоба бойынша қалай есеп жазу керектігін Оқушылар істей алады: Әртүрлі бағдарламау тілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды; бағдарламау тілінде кодтар жазады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар біледі: Жоба бойынша қалай есеп жазу керектігін; бағдарламау жүйелері мен тілдерін классификациялай алады және оларды жобаны жазу үшін қолданады. Оқушылар істей алады: Бағдарламау тілінен бағдарламау жүйесін айыра алады; әртүрлі бағдарламау тілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтай алады; жоба бойынша есеп жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	☐ Өмірбойы оқу; ☐ Құрметтеу; ☐ Ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	ДК – да жұмыс істеу дағдысы.
Пәнаралық байланыс:	Тарих
Бастапқы білім:	Бағдарламау тілдері туралы алдында алған білімдер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0 -7 мин)	Ұйымдастырушылық сәт: Журнал бойынша сабаққа қатысушыларды тексеру. Сыныптағы тәртіп ережесімен танысу. «Анаграмма» әдісі бойынша сабақ тақырыбы тақтаға әріптерінің орны ауыстырылып жазылады. Оқушылар жасырылған тақырыпты тауып өз ойларымен бөлісуі керек. МРГАУАПМОЛРА ДІЛРТІЕ – Оқушыларға сабақтың мақсаттары мен критерийлерін таныстыру. Бағдарламау тілдері не үшін қажет? Бағдарламау тілдерінің көмегімен қандай мәселелерді шешуге болады? Сіздерге таныс бағдарламау тілдерін атаңыздар? Сыныпты топтарға бөлу: сандар жазылған қағазшалар тарату арқылы 4 топқа бөлу. Топтар бір-бірін бағалау үшін бағалау парақтары таратылады.	Бағалау парақтары
Сабақтың ортасы (8 - 28 мин)	Оқушыларға BilimLand сайтында берілген тақырып бойынша қысқаша түсінік беру. Топтық жұмыс Топтарға тапсырмалар таратылады: 1 топ: 1. Программалау тілі дегеніміз не? 2. Төмен және жоғары деңгейдегі программалау тілдері дегеніміз не және ерекшеліктерімен тарихы? 2 топ: 1. Транслятор не үшін қажет және қандай түрлері бар? Транслятордың түрлерінің қызметі? 2. Программалау тілдерінің бөлінуін сипатта. 3 топ: 1. Программаны жасау кезеңдері. 2. Программалау жүйесі дегеніміз не?	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/7-cynyp/lesson/programmalau-tili-turaly-tusinik Кітап

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (29 - 38 мин)	Оқушылар өздерінің жұмыстарын бір-біріне түсіндіреді және қорғайды. Жекке жұмыс Оқушылар Bilimland сайтындағы тапсырмалар мен тестлерді орындайды	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/7-cynyp/lesson/programmalaу-tili-turaly-tusiniк
Рефлексия (39 - 40 мин)	Жаңа материалды қорытындылаймыз. Рефлексия жүргіземіз. Оқушылар бүгінгі сабақты бағалау үшін, стикерлерге екі жұлдызды және біртекті қолдануын сұраңыз.	Стикерлер